

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 мамырдағы N 565 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 маусым N 815.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.09. N 1228 қаулысымен. ~P001228

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Орындау жазбаларының негізінде берешектерді өндіріп алу даусыз тәртіпте жүргізілетін құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 мамырдағы N 565 P990565_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Орындау жазбаларының негізінде

берешектерді өндіріп алу даусыз тәртіпте жүргізілетін құжаттардың тізбесінде:

мәтініндегі "борышкердің ескертуді алғаны туралы қолхаты бар" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақта:

үшінші абзацтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

7-тармақта:

бірінші абзацтағы "Азаматтардың" деген сөз "Заңды және жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Орындау жазбасын" деген сөздің алдынан "Жеке тұлғалардың байланыс қызметтерін көрсетуді пайдаланғаны үшін берешектерін өндіріп алуға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Заңды тұлғалардың байланыс қызметтерін көрсетуді пайдаланғаны үшін берешектерін өндіріп алуға арналған орындау жазбасын алу үшін:

1) телекоммуникация қызметтерін ұсынуға арналған шарт;

2) берешекті өтегені туралы талап;

3) төлем құжатынан не берешекті растайтын құжаттан көшірме ұсынылады.";

14-тармақтың екінші абзацында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) төлем құжатынан не берешекті растайтын құжаттан көшірме";

4) тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Қасымбеков Б.